

"Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 769 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 04 қарашада № 8876 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 629 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.05.2015 № 629 бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-4-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» салалық біліктілік шеңбері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясат департаменті (Қ.Б. Елеусізова):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялауды және мемлекеттік интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Көлік және коммуникация министрінің

2013 жылғы 30 қыркүйектің

№ 769 бұйрығымен бекітілген

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» салалық біліктілік шеңбері

1. Жалпы ережелер

1. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8022 тіркелген «Ұлттық біліктілік шеңберін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 444 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушысының 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 373-п-м бірлескен бұйрығымен бекітілген, Ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ) негізінде әзірленді және орындалатын жұмыстардың күрделілігі мен қолданылатын білім, дағды, құзырет сипатына байланысты деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) саласында ж і к т е й д і .

2. СБШ еңбек нарығын және нақты салада білім беру жүйесін дамытудың жалпы стратегиясын қалыптастыруға, тарифтік жүйелер құруға, еңбекақы төлеу жүйесінің ашықтығы мен басқарушылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Біліктіліктің тұтас ұлттық жүйесінің бірлігін қамтамасыз ету мақсатында СБШ әзірлеу кезінде біліктілік деңгейлерін белгілеу мақсатында кәсіптік қызмет салаларына түгендеу жүргізуге мүмкіндік берген қызметтік тәсіл қолданылды.

4. СБШ негізгі пайдаланушылары Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік жүйесін құру шеңберінде саланың кәсіби стандарттарын әзірлеумен айналысатын сарапшылар, әзірлеушілер, жұмыс тобының мүшелері, сондай-ақ «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кәсіби қызметі саласындағы жұмыс берушілер, басшылар және мамандар болып табылады.

5. СБШ мақсаты – кәсіптік, сертификаттау және білім беру стандарттарын кейіннен әзірлеу үшін саланың технологиялық талаптарын ескере отырып, БҰШ-тың деңгейлік біліктілік құзыреттерін сипаттау.

6. СБШ-та саланың қолданылатын және перспективті технологияларын ескере отырып, қызметкерлердің қызметтік, машықтарына және біліміне қойылатын талаптар сипатталады.

7. СБШ мына қағидаттарды ескере отырып, БҰШ негізінде әзірленеді:

1) салалардың қолданыстағы және болашақтағы технологияларын ескере отырып, қызметкерлердің қызметтеріне (қызметтік), машықтарына және біліміне қойылатын БҰШ-тың біліктілік деңгейлерінің талаптарын нақтылау;

2) саланың басымдықтарын айқындау және компанияның бизнес-мүдделерін е с е п к е а л у ;

3) төменгі біліктілік деңгейлерінен жоғарғыларына өткен кездегі қызметтердің ауыспалылығы және үздіксіздігі;

4) барлық тұтынушылар үшін біліктілік деңгейлер сипатының ашықтығы;

5) біліктілік деңгейлері иерархиясының еңбек бөлінісі құрылымына және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне сәйкестігі;

6) кәсіби қызмет көрсеткіштері арқылы БСШ-ның біліктілік деңгейлерін с и п а т т а у ;

7) қызметті жүзеге асыратын қызметкерлерді емес, олардың еңбек қызметінің түрлерін және олардың лауазымдық міндеттерді орындау сапасын сипаттау.

8 . С Б Ш :

1) нақты салада еңбек нарығын және білім беру жүйесін дамытудың жалпы стратегиясын қалыптастыруға, оның ішінде нақты біліктілікті алуға, біліктілік деңгейін арттыруға, карьералық өсуге әкелетін білім берудің әр түрлі а й м а қ т а р ы н ж о с п а р л а у ғ а ;

2) көлемді еңбек ұтқырлығын қалыптастыруға;

3) кәсіби және білім беру стандарттарын, кәсіби білім беру бағдарламаларын әзірлегенде қызметкерлер мен түлектердің біліктілігіне қойылатын талаптарды бі р ы ң ғ а й к ө з қ а р а с т а с и п а т т а у ғ а ;

4) білім беру және біліктілікті сертификаттау нәтижелерін бағалау рәсімдерін әзірлеуге, сертификаттар жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

9. Саланың стратегиялық мақсаттары мен міндеттері:

1) мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету;

2) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін ақпараттық о р т а қ ұ р у ;

4) отандық ақпараттық кеңістікті дамыту;

5) мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру үшін сәулеттік тәсілді е н г і з у ;

6) азаматтардың, бизнестің және қоғамның ақпараттағы құқықтарын және заңды мүдделерін қанағаттандыру үшін мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығын және есептілігін арттыру;

7) «электрондық үкіметті» мемлекетті ақпараттандыру құралы ретінде д а м ы т у ;

8) мемлекеттік органдарда ақпараттық технологияларды пайдалану ш ы ғ ы н д а р ы н о ң т а й л а н д ы р у ;

9) ақпараттық-коммуникациялық технологияларын (бұдан әрі – АКТ) кеңінен

- енгізу арқылы қоғамдық қауіпсіздік деңгейін және құқық қорғау органдарының және жедел қызметтердің жұмысының тиімділігін арттыру;
- 10) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарында қолжетімділігі;
- 11) ақпараттық-коммуникациялық және инновациялық инфрақұрылымды және ғылыми-зерттеушілік қызметті дамыту арқылы АКТ-ның бәсекеге қабілетті отандық нарығын құру;
- 12) Қазақстанда ақпаратты қоғамды қалыптастырудың негізгі факторы ретінде адами капиталдың дамуы үшін шарттар жасау;
- 13) АКТ-ны енгізу арқылы Қазақстанның білім және ғылым салаларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- 14) АКТ-ны барынша қолдану арқылы халыққа медицина қызметтерін көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру;
- 15) электрондық коммерцияның отандық нарығының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- 16) қосымша құн салығы жоғары бәсекеге қабілетті өнімді шығаруды қамтамасыз ететін өнеркәсіп кәсіпорындарында заманауи жоғары технологиялық өндірісті құру шарттарын қамтамасыз ету;
- 17) АКТ-ны енгізу арқылы көлік қызметтерінің қолжетімділігін, қауіпсіздігін және сапасын қамтамасыз ету үшін дамыған көлік инфрақұрылымын құру;
- 18) агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін заманауи, ықпалдастырылған және тиімділігі жоғары ақпараттық ортаны ұйымдастыру;
- 19) Қазақстан Республикасының гидрометеорологиялық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңашыл АКТ-ны енгізу есебінен қоршаған ортаны тұрақтандыру және сапасын жақсарту;
- 20) АКТ-ны енгізу арқылы туризм индустриясының бәсекеге қабілеттілігін және Қазақстанның туристік бағыт ретінде тартымдылығын арттыру;
- 21) АКТ-ны жаттықтырушы құрамын, спортшыларды және мамандарды даярлау жүйесінің оқу-жаттықтыру процестеріне енгізу арқылы дене шынықтыру мен спорт саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 22) отандық ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 23) мемлекеттік органдардың мемлекет қызметін жарықтандыру және ілгерілету бойынша жұмысын үйлестірудің және жауапкершілігінің жүйесін жетілдіру.

2. СБШ паспорты

10. Әлемдік тәжірибені және қабылданған көзқарастарды ескере отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) сала ретінде, яғни

бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын, есептегіш техниканы, коммуникациялық жабдықты, тұрмыстық электроника мен оның құрамдастарын жобалаумен, өндірумен және сатумен, сондай-ақ жүйелік ықпалдастырумен, телекоммуникациялық және ақпараттық-технологиялық қызметтер ұсынумен байланысты экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы ретінде анықталады.

11. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) АКТ экономикалық қызмет түріне бөлінеді:

1) компьютерлік бағдарламалау, кеңес беру және басқа ілеспелі қызметтер, бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару, олар осы СБШ 1-қосымша кестесінде анықталған ;

2) компьютерлерді, электронды және оптикалық өнімнің өндірісі, ақпараттық және коммуникациялық жабдықтың көтерме саудада сату, компьютерлерді және байланыс жабдықтарын жөндеу, олар осы СБШ 2-қосымша кестесінде анықталған ;

3) байланыс, осы СБШ 3-қосымша кестесінде анықталған.

12. Кәсіби қызметтің салаларын бөлу кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің нормативтік және құқықтық актілері пайдаланылды, сондай-ақ АКТ саласын анықтаудың халықаралық тәжірибесі ескерілді.

13. Еңбек қызметінің түрі мыналарға бөлінеді:

1) басқарушылық ;

2) атқарушы-басқарушылық ;

3) атқарушы .

14. СБШ осы СБШ 4-қосымша кестесінде келтірілген.

«Ақпараттық-коммуникациялық

технологиялар»

салалық

біліктілік

шеңберіне

1-қосымша

Кесте

Компьютерлік бағдарламалау, кеңес беру және басқа ілеспелі қызметтер, бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару

ЭҚЖЖ коды	Экономикалық қызмет түрінің атауы
62.01	Компьютерлік бағдарламалау саласындағы қызмет
62.02	Компьютерлік технологиялар саласындағы кеңес беру қызметтері
62.03	Компьютерлік жабдықты басқару жөніндегі қызмет
	Ақпараттық технологиялар және компьютерлік жүйелер саласындағы қызметтің басқа түрлері оның ішінде, автоматтандырылған жобалау жүйелерін (АЖОЖ) және автоматтандырылған

62.09	басқару жүйелерін (АБЖ) жасауға арналған бағдарламалық аспаптық орталарды және құралдарды қолдану, роботтехникалық кешендер жасау)
63.11	Деректерді орналастыру және өңдеу қызметтері
63.12	Веб-порталдар
58.21	Компьютерлік ойындар жасау
58.29	Өзге бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару
92.12	Коммуникация жабдықтарды жөндеу

**« Ақпараттық - коммуникациялық
технологиялар »**

салалық

біліктілік

шеңберіне

2-қосымша

Кесте

**Компьютерлердің, электрондық және оптикалық өнімнің өндірісі,
ақпараттық және коммуникациялық жабдықты көтерме саудада сату,
компьютерлерді және байланыс жабдықтарын жөндеу**

ЭҚЖЖ коды	Экономикалық қызмет түрінің атауы
26.1	Электрондық бөлшектерді өндіру
26.2	Компьютерлерді және перифериялық жабдықты өндіру
26.3	Байланыс жабдығын өндіру
26.4	Тұрмыстық электроника аспаптарын өндіру
26.8	Ақпаратты таратудың магнитті және оптикалық құралдарын өндіру
26.51	Өлшеуге, тестілеуге және навигацияға арналған құралдар мен аспаптарды өндіру
46.5	Ақпараттық және коммуникациялық жабдықтың көтерме саудасы
95.11	Компьютерлерді және перифериялық жабдықты жөндеу
95.12	Коммуникациялық жабдықты жөндеу

**« Ақпараттық - коммуникациялық
технологиялар »**

салалық

біліктілік

шеңберіне

3-қосымша

Кесте

Байланыс

ЭҚЖЖ коды	Экономикалық қызмет түрінің атауы
61.1	Кабельдік телекоммуникациялық байланыс
61.2	Сымсыз телекоммуникациялық байланыс
61.3	Спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет
61.9	Телекоммуникациялық қызметтердің басқа түрлері
64.20	Электр байланыс (телекоммуникация) қызметтері

«Ақпараттық-коммуникациялық
технологиялар»

салалық

біліктілік

шеңберіне

4-қосымша

**«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» салалық
біліктілік шеңбері**

БҰШ деңгейі	СБШ деңгейі	Кәсіби қызмет салас		
		3.1 Компьютерлік бағдарламалау, кеңес беру және басқа ілеспелі қызметте Бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару.	Жеке және кәсіби құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Іскерлікке және машықтарға қойылатын талаптар
1	11	-	-	-
2	2 ¹	<p>Ақпараттық-коммуникациялық жабдықты сүйемелдеу және қызмет көрсету барысында шектеулі жауапкершілікті және өздігімен жұмыс істеудің белгілі бір дәрежесін ұйғаратын басшылық қарауында нормаларды іске асыру бойынша атқарушылық қызмет.</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды орындау нәтижелері үшін, өзінің қауіпсіздігі, өзгелердің қауіпсіздігі үшін, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптардың орындалуы үшін жауапкершілік көтеру. Топта жұмыс істей білу – топтық жұмыс процесіне белсенді қатысу.</p> <p>Бірінші біліктілік деңгейіндегі қызметшілер үшін алдын ала әзірленген, ағымдық кезеңде орындалатын алгоритмдер аясында қарапайым іс-қимылдар орындауға тапсырмалар қалыптастыру.</p>	<p>Нұсқаулық негізінде жұмыс істеу тәсілін таңдайды және күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін-өзі бақылау дағдыларын көрсетеді және қарапайым өндірістік жағдайлардағы әрекет түрлерін өздігінен түзету жұмыстарының тәсілдерін таңдайды. Бірінші біліктілік деңгейіндегі қызметкерлерге тапсырмалар беру және олардың орындалуын бақылау. Өз әрекеттері мен бірінші біліктілік деңгейіндегі қызметкерлердің атқарылуға тиісті жұмыс алгоритмі негізіндегі әрекеттерін үйлестіру. Дайындалған реттеуші шешімдерді жоғары тұрған деңгейдегі қызметкерлер құрамымен орындауды келісу.</p>	<p>Еңбек пәні, қарапайым үлгілі міндеттерді орындауда нәтижелерге жеткізу құралдары мен тәсілдері туралы, атқарушылық қызмет рефлексиясы туралы негіз білім. Заттар мен еңбек құралдарының жағдайы туралы алғашқы ақпарат жинау және осы ақпарат тапсырмаға және/немес жұмыстардың орындалат алгоритміне сәйкес параллельді немесе бақылаушы деңгейге беру</p>
		Қойылған тапсырмаларды орындау үшін дербес жауапкершілікті және құрылымданған, болжанатын		

3	3 ¹	<p>ортада шектеулі тәуелсіздікті ұйғаратын басшылық қарауында нормаларды іске асыру бойынша атқарушылық қызмет.</p> <p>Кәсіби ортада жаңалықты дұрыс қабылдай алу, оқуға қабілеттілік, соңғы нәтижеге көзделу. Өз жұмысын жеке немесе топта мақсатты ұйымдастырудың дамыған қабілеті.</p> <p>Өздігінен әрекет ету – берілген тапсырманың жұмысын шешу жолдарын өздігімен табу; Кәсібилілік – қойылған міндеттерді шешу үшін кәсіби әрекет ете білу. Орындалған жұмыстардың нәтижесі үшін, өзінің қауіпсіздігі, өзгелердің қауіпсіздігі үшін, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптардың орындалуы үшін жауапкершілік көтеру.</p>	<p>Бағдарламалаудың және бағдарламалық кодты тестілеудің негізгі машықтарын көрсетеді, алынған білімді тәжірибеде қолдана білу, техникалық құжаттаманы оқи білу, қойылған міндет үшін алгоритмді іске асыра білу.</p>	<p>Базалық деңгейде бағдарламалау тілдерін бірін, деректерді өңдеуді негізгі алгоритмдерін біл, БҚ-ны әзірлеудің өмірлік циклы, оны тестілеуді теориясы туралы жалп білім.</p>
4	4 ¹	<p>Белгіленген қызметтерді іске асыру барысында жеткізілген нәтиже үшін жауапкершілікті көздейтін ортада басшылықтың жалпы қарауында нормаларды іске асыру бойынша атқарушылық қызмет; қойылған мақсатты ескере отырып, өздігімен жоспарлау және құрылымданған, болжамсыздықтың азғана ықтималдылығына ие ортада туындайтын мәселелерді шешу білу.</p> <p>Қойылған міндеттерді өздігімен шешу.</p>	<p>Қарапайым әдістер мен ақпараттарды пайдалану негізінде мақсаттар мен міндеттерді шешуге қажетті тәжірибелік машықтары мен іскерлігінің кең ауқымды жиынтығын көрсетеді. Тиісті шараларды анықтау мақсатында белгілі бір рәсімдер мен тәжірибелер шеңберінде жағдайды бағалай алады.</p>	<p>Кәсіби қызмет саласында тәжірибелік және теория білімдер. Кәсіби міндетте қою барысында және шешу кезінде оған қажетті әдіс қағидаттар мен тәсілдер туралы білім.</p>
5	5 ¹	<p>Жағдайды немесе ақпаратты талдау әр түрлі факторларды терең бағалауды талап ететін күрделі міндеттермен жұмыс жүргізуді ұйғаратын технологиялық процесс учаскесі шеңберіндегі атқарушылық-басқарушылық қызмет, сондай-ақ құрылымданған болжамсыз ортадағы нақты учаскеде болатын нәтиже үшін жауапкершілікті қабылдай</p>	<p>Заманауи ой-қабілет машықтарының, жобалау тобының ішінде жұмыс істей білу машықтарының кең жиынтығын көрсетеді, жұмыс процесін басқара білу, логикалық жүйелік және бірізді тәсілдерді қолдана отырып, мәселелерге шешім таба білу.</p>	<p>Кәсіби жағдайларды жүй талдау және жобалау әдістемесі, басқарушылық шешімдер қабылдау тәсілдері, ұжым мен топ құру туралы біл Жұмыстың белгілі бір саласы шеңберіндегі термамандандырылған</p>

		отырып, қызметкерлерді басқару. Ауызша және жазбаша коммуникацияға дамыған қабілеттілік.	Адамдарды оқыта білу және нұсқау бере білу, басқа адамдарда жаңа білім мен тәжірибе алу тілегін тудыра білу.	тәжірибелік және теория: білімдер.
6	6 ¹	Жағдайды немесе ақпаратты талдау әр түрлі факторларды терең бағалауды талап ететін күрделі міндеттермен жұмыс жүргізуді ұйғаратын кәсіпорын қызметі стратегиясының шеңберінде атқарушылық-басқарушылық қызмет, сондай-ақ құрылымданған болжамсыз ортадағы нақты учаскеде болатын нәтиже үшін жауапкершілікті қабылдай отырып, қызметкерлерді басқару. Техникалық салада терең білім мен машықтарды көрсете білудің дамыған қабілеті. Көшбасшылық танытады және топ жұмысының нәтижелілігі үшін, оның болжамсыз ортада дамуы үшін жауап береді.	Жұмыс процесін басқару машықтарының жиынтығын көрсетеді, нәтижелер алу үшін бағалаудың әдістерін, әдістемесі мен критерийлерін таңдай білу, құзыреттерді бөліп тарату және құқық беру, тиімді топтар қалыптастыра білу, сондай-ақ өндірістік процесс барысында шешім қабылдай білу.	Күрделі әлеуметтік жә кәсіптік жағдайларда бірлескен талдау жаса жобалау және шешім қабылдау әдістемесі тура білу, қатынас және көзқарастарды келістір тәсілдерін, талдамалы жә жобалық құжаттаманы рәсімдеуді және оны көрс білу.
	6 ²	Құрылымданған болжамсыз ортада өз қызметі үшін және топ жұмысының нәтижелілігі үшін жауапкершілік қабылдаумен топты немесе бөлімше деңгейінде басшылық етуді ұйғаратын кәсіпорын қызметінің стратегиясы аясындағы басқарушылық қызмет. Нақты жағдайға байланысты қарым-қатынас машықтарын қолданудың дамыған қабілеті.	Жоспарлау, міндеттер қою және тарату, еңбек сыйылымдығын бағалау, топ қалыптастыру, қатынастарды ұйымдастыру және көзқарастарды келістіру, анықталмағандығы жоғары деңгейдегі кәсіби жағдайларда шешім қабылдау машықтарын көрсетеді. Топтың дұрыс бағытта дамуын, ынталандыруды және жұмысын қамтамасыз ету үшін тұлғаралық қарым-қатынастың қажетті әдістері мен стильдерін қолданады. Нәтижелер үшін бағалау әдістерін, әдістемелерін және критерийлерін таңдай алады.	БҚ-ны әзірлеу әдістемесі БҚ-ны тестілеу қағидатта мен құралдарын, жобал менеджментін, қызме көрсетуді басқаруды б Күрделі әлеуметтік жә кәсіптік жағдайларда бірлескен талдау жаса жобалау және шешім қабылдау әдістемесі тура білу, қатынас және көзқарастарды келістір тәсілдерін, талдамалы жә жобалық құжаттаманы рәсімдеуді және оны көрс білу.
			Жүйенің, техникалық интерфейстердің сәулетін	

7	7 ¹	Қосымшалардың, БҚ мен бизнес-логиканың сәулетін жобалауды ұйғаратын атқарушылық-басқарушылық қызмет, сондай-ақ құрылымданбаған болжамсыз ортада бөлімше деңгейінде өнімді, техникалық сәулетті немесе технологияны дамытудың стратегиялық бағыттары үшін толық жауапкершілікті қабылдай отырып, қызметкерлердің жұмысына басшылық ету.	жобалау/үлгілеу машықтарын көрсетеді, тұжырымдама негіздемелерін қалыптастыра білу және оларды көрсете білу, күрделі техникалық мәселелер үшін сараптамалар жүргізу және қызметтілік бойынша неғұрлым оңтайлы сәулеттік шешімдерді енгізуді қамтамасыз ету.	Тұжырымдамаларды, стратегияларды, қызмет және өзара іс-қимылдық қызметтік үлгілерін, міндеттер мен мәселелер кою және оларды жүйелі шешу әдістерін құрасты әдістемесі туралы б. БҚ-ны жобалау әдістемесі бағдарламалық қосымшалардың сәулеті заманауи аппараттық қамтамасыз етуді, даму технологияларды білу.
	7 ²	Бөлімше қызметінің стратегиясын анықтауды ұйғаратын ұйым немесе бөлімше деңгейіндегі нәтиже үшін жауапкершілікті қабылдайтын ұйым немесе құрылымданбаған болжамсыз ортадағы ұйым қызметінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Басқарудың нақты объектісі қызмет етуінің мүмкін болатын нұсқаларын жүйелі және кешенді түсінудің дамыған қабілеті, осы нұсқалардың туындау уақытын және ықтималдылығын, сондай-ақ олардың әрекет ету ұзақтылығын анық бағалау.	Нарық үрдістеріне қарай отырып, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін талдау машықтарын көрсетеді. Бизнес ортадағы өзгерістерді жорамалдап, өз бөлімшесі дамуының стратегиялық бағытын анықтай білу.	Жобалау қызметінің өмір циклын, бағдарламалы өнімдерді әзірлеу ережелерін, компанияның негізгі бизнес-процестер қызметшілерді басқару негіздерін, өндірісті, менеджментті, басқару психологиясын, ақпаратты қауіпсіздік мәселелерін б.
8	8 ²	Болжамсыз және құрылымданбаған орта шартындағы ірі институционалдық құрылым деңгейінде шешім мен жауапкершілікті қабылдай отырып, процесті және қызметті басқару стратегиясын анықтауды ұйғаратын басқарушылық қызмет. Өзгерістерді басқарудың, анықсыздық жағдайларында жұмыс істеудің, күрделі шешімдерді, сондай-ақ деректердің жеткіліксіздігі жағдайындағы шешімдерді жылдам қабылдаудың дамыған қабілеті, көшбасшылықты үнемі көрсету.	Кәсіпорын қызметінің, өзгеріс пен болжамсыздық стратегиясын әзірлеу машықтарын көрсетеді, ынталандырудағы шығынсыз және сапа үшін зарасыз ұзақ мерзімді және көп еңбекті міндеттерді орындау, әр текті ақпаратты талдау, тәуекелдерді бағдарлау қабілеті. Әр түрлі деңгейдегі топтарды қалыптастырып, дамыта алады.	Кәсіптік қызмет, сондай-қаржы, маркетинг, халықаралық нарық саласындағы ең терең және толық білім.

Ескертпе: ¹ – басқарушылық қызметпен байланысты мамандықтар;
² – өндірістік қызметпен байланысты мамандықтар.

БҰШ деңгейі	СБШ деңгейі	Кәсіби қызмет саласы 3.2 Компьютерлердің, электрондық және оптикалық өнімнің өндірісі, ақпараттық және коммуникациялық жабдықты көтерме саудада сату, компьютерлерді және байланыс жабдықтарын жөндеу.	Искерлікке және машықтарға қойылатын талаптар	Білімге қойылатын талаптар
1	1	Күрделі емес жабдықты құрастыруға және бөлшектеу дайындағанда қарапайым қызметтерді іске асыру бойынша тікелей басшылықтағы атқарушылық әрекеттер. Әрекеттердің кеңістікті-уақытша, физиологиялық немесе қызметтік сипаттамаларын анықтайтын жұмыс беруші алдын ала белгілеген критерийлермен өз әрекеттерін салыстыра отырып, жұмыс беруші алдын ала әзірлеген алгоритмдер бойынша қарапайым әрекеттер орындау.	Үлгілі күрделі емес тәжірибелік тапсырмаларды тыңдайды, түсінеді және орындайды, өзін-өзі қадағалау және өзін-өзі тәртіптеу машықтарын көрсетеді. Еңбектің жалпы техникалық, өртке қарсы, арнайы және экологиялық қауіпсіздігін анықтайтын ережелердің нормативтері мен талаптарына сәйкес өз әрекеттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өзі бақылайды.	Еңбек мәні, оны түрлендіріу процесі және тиісті атқарушылық әрекеттер циклы туралы негізгі білім Заттар мен еңбек құралдарының жағдайы туралы алғашқы ақпаратты жинау және осы ақпаратты тапсырмаға және/немесе жұмыстардың орындалатын алгоритміне сәйкес қата немесе бақылаушы деңгейі беру.
2	2	Технологиялық жабдықтардың күрделі емес жекелеген тораптарын өндіру, құрастыру және бөлшектеу кезінде шектеулі жауапкершілік пен дербестіліктің белгілі бір дәрежесін көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру жөніндегі атқарушылық қызмет. Қашықтықтан автоматтандырылған басқару және/немесе бақылаудың жергілікті құралдарын (жүйелерін) қолданумен қарапайым іс-қимылды орындау; бірінші біліктілік деңгейінің персоналы үшін алгоритмдердің ағымдағы сәтінде орындалатын бұрын әзірлегендер шеңберінде қарапайым іс-қимылдарды орындауға тапсырмалар жасау.	Нұсқаулықтар негізінде жұмыстардың тәсілін таңдайды және күрделі емес практикалық тапсырмалар орындайды, жай өндірістік жағдайларда өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету дағдыларын көрсетеді. Персоналға бірінші деңгейдегі тапсырмаларды беру және олардың орындалуын бақылау. Жұмыстардың орындалатын алгоритмі шеңберінде өз іс-қимылын және персоналды үйлестіру. Жоғары деңгейдегі персоналмен дайындалған реттеуші шешімдердің орындалуын келісу.	Еңбек пәні, қарапайым үлгі міндеттерді орындауда нәтижелерге қол жеткізіу құралдары мен тәсілдері туралы, атқарушылық қызмет рефлексиясы туралы негізгі білім. Заттар мен еңбек құралдарының жағдайы туралы алғашқы ақпаратты жинау және осы ақпаратты тапсырмаға және жұмыстардың орындалатын алгоритмін сәйкес қатар немесе бақылаушы деңгейге беру.
		Өздігімен жоспарлауды көздейтін басшылық нормаларын іске асыру жөніндегі атқарушылық қызмет, жабдықтарды құрастырғаны, бөлшектегені және өндіргені үшін жауапкершілік. Технологиялық режимдердің	Өзін-өзі бағалау, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын көрсетеді. Қойылған	Затты қайта жасау, еңбек жоспарлау және ұйымдастыру, кәсіби қызметтің үлгілік жағдайларында міндеттер дербес орындау технологиялары туралы

3	3	<p>белгіленген параметрлерін, қауіпсіздік талаптарын және жүйелер мен қондырғыларды жұмыс істеу үнемділігін қоллдауды қамтамасыз ететін реттеуші әсерлер бойынша шешімдер қабылдау. Осы әсерлердің баламалылығы мен жеткіліктілігін, технологиялық режимнің жағдайын және қауіпсіздік талаптарын анықтау. Өздігінен әрекет ету – берілген тапсырманың жұмысын шешу жолдарын өздігімен табу; Кәсібилілік – қойылған міндеттерді шешу үшін кәсіби әрекет ете білу. Орындалған жұмыстардың нәтижесі үшін, өзінің қауіпсіздігі, өзгелердің қауіпсіздігі үшін, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптардың орындалуы үшін жауапкершілік көтеру.</p>	<p>норманың орындалу тәсілін, еңбек мәні мен құралын дербес анықтайды. Жұмыстардың орындалатын алгоритмі шеңберінде бірінші және екінші деңгейдегі өз іс-қимылын және персоналдың іс-қимылын үйлестіру. Өз іс-қимылын анықталған тапсырмалар мен жұмыстардың орындалатын алгоритмі шеңберінде қоса жұмыс істейтін қызметкерлермен үйлестіру.</p>	<p>білім. Жұмыс орны үшін белгіленген техникалық құжаттаманы жүргі Бірінші және екінші біліктілік деңгейлерінің персоналы үшін технологиялық режимдер жүргізу шеңберінде өндірістік тапсырмаларды қалыптастыру. Заттар мен еңбек құралдарының жағдайы туралы алғашқы ақпарат жинау және осы ақпаратт ұйымдық-техникалық құжаттаманың талаптары сәйкес қатар немесе бақылаушы деңгейге беру.</p>
4	4	<p>Міндеттердің дербес айқындалуын, ұйымдастырылуын және қарамағындағы қызметкерлерге нормаларды іске асыруды бақылауды көздейтін басшылықпен нормалардың іске асырылуы жөніндегі атқарушылық-басқарушылық қызмет, күрделі жабдықтарды құрастыру, бөлшектеу және өндіру кезіндегі жауапкершілік. Осы талдаудың теріс нәтижелері жағдайларында болуы мүмкін реттеуші әсерлер бойынша шешімдерді озық қабылдау мақсатында жұмыс күні ішінде жұмыс орнына бекітілген техникалық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің технологиялық режимдері мен талаптары жағдайларын талдау. Жұмыс күні ішінде бірінші, екінші және үшінші деңгейлердегі жұмыс орнына бекітілген қызмет көрсетудің барлық аймақтарының технологиялық режимдерін жүргізу тапсырмаларын жоспарлау, қалыптастыру және қызметті бақылау</p>	<p>Өзін-өзі анықтау және өзін-өзі нормалау машықтарын көрсетеді. Алған тапсырмаларын нақтылайды, қарамағындағыларға міндеттер қояды, қызмет нәтижелерін бағалайды, білімі мен машығының жетіспейтіндігін айқындайды, қызметкерлердің кәсібилігін арттыруды ынталандырады. Жұмыс күні ішінде бірінші, екінші және үшінші деңгейлердегі персонал қызметінің табыстылығын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау. Жұмыс орны үшін белгіленген техникалық құжаттаманы жүргізу.</p>	<p>Кәсіби міндеттерді қою ж шешу тәсілдері, қағидатта мен амалдары туралы, эти және қарым-қатынас психологиясы, ойлау жән қызмет рефлексиясы, уәжд және еңбекті ынталандығ тәсілдері туралы біліміні б о л у ы . Қызмет көрсетілетін технологиялық процесте шеңберінде техникалық құжаттаманы әзірл Заттар мен еңбек құралдарының жағдайы туралы алғашқы ақпаратт жинау және осы ақпаратт ұйымдық-техникалық құжаттаманың талаптары сәйкес қатар немесе бақылаушы деңгейге беру.</p>
